

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ХАТТАМАСЫ

«Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы "Қарамандыбас-4" кен орнында қабықша әктас өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі

1. Әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органының немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (селолар, кенттер) әкімі аппаратының атауы, ауылдық округтер) аумағында қызметі жүзеге асырылатын немесе аумағына мыналар әсер ететін:

ҚР Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы «Ақтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы "Қарамандыбас-4" кен орнында қабықша әктас өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі
(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Сай Өтес учаскесінің орналасқан жері: ҚР, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы.

Жақын елді мекен: ҚР, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Ұштаған ауылы.

Географиялық координаттары: > N 43° 33' 27.60", E 52° 33' 45.40"; > N 43° 33' 25.71", E 52° 34' 03.10".
(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

ҚР Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Ұштаған ауылы.

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Мурсалов Е.К.» ЖК, директоры Мурсалов Е.К.

заңды және нақты мекенжайы: ҚР, Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19А шағынаудан, 21 үй, ЖСН 850427302321, e-mail: esbolat_1985@mail.ru, телефон: +7 701 737 1212

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық

бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«ДАЯН-ЭКО» ЖК

заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 130000, ә ш/а, 31 үй, e-mail: g.a.u@list.ru, телефон +7 7053440020

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Өткізілу күні: 13.01.2026 ж. Қоғамдық тыңдаудың басталу уақытты: 15:00 сағ. Өткізілетін орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Ұштаған ауылы, «Мәдениет үйі»

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/89083523138?pwd=FJvrIppiuTnYjlluzDcjsadAYd4nJ.1>

Конференция идентификаторы: 296 378 6453 Кіру коды: j25Yc0

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 26-тармағына сәйкес қоғамдық тыңдаулар төрағасының ұсынысына байланысты тыңдаулар 19.01.2026 ж. сағат 15:00-ге ауыстырылды.

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Хаттамаға қоса берілді (Қосымша 1).

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Хаттамаға қоса берілді (Қосымша 2).

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=30101>

Тіркеу №: 25510147001 Жарияланған күні: 05/12/2025 ж.

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/762452?lang=ru>

Жарияланған күні: 08/12/2025 ж.

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) Қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Жаңа Өмір» газеті 04.12.2025 ж. №49 (10681) қазақ және орыс тілінде. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы БАҚ-та жарияланған хабарландырудың сканерленген көшірмесі хаттамаға қоса берілді (Қосымша 3).

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

06.12.2025 ж. «Astana TV» телеарнасында (қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы) қазақ және орыс тілінде хабарландыру берілді. Эфирдің анықтамасы хаттамаға қоса берілді (Қосымша 4).

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Ұштаған ауылы, «Мәдениет үйі» ғимараты мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі (Қосымша 5).

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып ауыл тұрғыны Алменов Б. тандалды.

«Жақтап» дауыс берді – « 9 » адам, «қарсы» - « 0 » адам, «қалыс қалды» – « 0 » адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар регламенті дауыс бойынша қабылданды (Қосымша 6).

«Жақтап» дауыс берді – « 9 » адам, «қарсы» – « 0 » адам, «қалыс қалды» – « 0 » адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: «Мурсалов Е.К.» ЖК маманы Бисенғалиева А.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Баяндаманың тақырыбы: «Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы "Қарамандыбас-4" кен орнында қабықша әктас өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жоба бойынша презентациядағы слайдтар саны 1і бет, доклад беттерінің саны – 3 бет.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (Қосымша 7).

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілген дейін және өткізу кезінде келіп түскенде ескертулер мен


ыныстардың жиынтық кестесі хаттамасына қоса берілді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды үйсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: тыңдау барысында жақсарту бойынша ұсыныстар болған жоқ.


(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

6. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Ақтөбе ауылдық округінің әкімі Бекмурзин Махамбет Сүндетұлы  қаңтар 2026 ж.
(ұсынушы ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, Қолы, Күні)

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

ауыл тұрғыны Алменов Б.  қаңтар 2026 ж.
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынатын ұйымның атауы, Қолы, Күні)

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Ақтөбе ауылдық округінің әкімі Бекмурзин Махамбет Сүндетұлы: ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қандай көмек бере аласыз?	Мурсалов Е.К., жеке кәсіпкер: Тау-кен жұмыстары басталып, карьер пайда таба бастағанда, мүмкіндігімізше аз қамтылған отбасынан шыққан талапкерлердің бірің жоғары оқу орнында оқуға демеушілік жасауға тырысамын. Одан басқа карьерде қабықша әктас өндіру жоспарланғандықтан, бизнестің дамуына қарай компания бюджетінде аз қамтылған отбасы үшін бір үй салуға құрылыс тасын тегін беруді қарастыруға болады.	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ
2	Тағаниязов Ж, ауыл тұрғыны: Жарма кентіне қарай 500-600 м учаскеге кем дегенде пайдаланылған асфальт төсеп беруіңізді сұраймыз.	Мурсалов Е.К., жеке кәсіпкер: Жобаланған жұмыстар әлі басталған жоқ. Өндіру барлық қажетті құжаттарды рәсімдеу аяқталғаннан кейін басталады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті бастау үшін бастапқыда айтарлықтай қаржылық инвестициялар қажет. Болашақта, тұрақты пайда болған жағдайда, бұл сұранысты қарастыруға болады.	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ

	<p>Енсепов С, ауыл тұрғыны: Сіз аз қамтылған отбасынан шыққан талапкерлердің бірінің ЖОО-да оқуына демеушілік жасайтыныңызды айттыңыз. Осы студент университет бітіргеннен кейін сіз біздің ауылдан басқа талапкердің оқуына демеушілік жасайсыз ба?</p>	<p>Мурсалов Е.К., жеке кәсіпкер: Жобаланған жұмыстар әлі басталған жоқ. Өндіру барлық қажетті құжаттарды рәсімдеу аяқталғаннан кейін басталады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті бастау үшін бастапқыда айтарлықтай қаржылық инвестициялар қажет. Болашақта, тұрақты пайда болған жағдайда, бұл сұранысты қарастыруға болады.</p>	<p>Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ</p>
3	<p>Дошынбаев Ж, ауыл тұрғыны: ауылда өтетін шараларға қаржылау көмек бере аласызба?</p>	<p>Мурсалов Е.К., жеке кәсіпкер: Жобаланған жұмыстар әлі басталған жоқ. Өндіру барлық қажетті құжаттарды рәсімдеу аяқталғаннан кейін басталады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті бастау үшін бастапқыда айтарлықтай қаржылық инвестициялар қажет. Болашақта, тұрақты пайда болған жағдайда, бұл сұранысты қарастыруға болады.</p>	<p>Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ</p>
4	<p>Алменов Б, ауыл тұрғыны: ауыл қажеттіліктері үшін жылына 100 м3 құрылыс тасын бере аласыз ба ?</p>	<p>Мурсалов Е.К., жеке кәсіпкер: Бұл жыл сайын өндірілетін және тұрақты түрде сатылатын көлемге байланысты</p>	<p>Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ</p>

Регистрационный лист участников общественных слушаний /Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ п/п	Қатысушының аты-жөні / ФИО (при его наличии) участника	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының) / Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора)	Байланыс телефон нөмірі / Контактный номер телефона	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) / Формат участия (очно или посредством видеосвязи)	Қолы (ашық жиналыста қатысқан жағдайда) / Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	Әсетов Сүдініс	ауыл тұрғыны	87009091986	жеке	
2	Алимов Абзал	ауыл тұрғыны	87058802356	Нәсе	
3	Қараканұлы Қуат	ауыл тұрғыны	87760193522	Неке	
4	Дошпабаев	ауыл бұра	87789382540	жеке	
5	Аменов Б.	ауыл тұрғыны	87759147507	жеке	
6	Маташев	ауыл тұрғыны	8701205788	неке	
7	Жууатбаев	ауыл тұрғыны	7702362 01-76		
8	Золотов	ауыл тұрғыны	7708228 1936		
9	Бекмурзаев С.	ауыл жері	87058819010		
10	Ахбергенов М.	ауыл тұрғыны	8701205788	неке	
11	Бисенов А.	УП «Мұрағат»	870588199	жеке	
12	Бағурбай С.	УП «РП»	Zoom аша		
13					
14					
15					

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 14:50.

Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаулардың ашылуы - 15:00.

Баяндамашылардың сөйлеген сөздері. Баяндаманың ұзақтығы- 15 минут.

Баяндамаларды талқылау ұзақтығы әрқайсысы үшін 5 минутты құрайды.

Баяндамалар бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауларға қатысушыларға олардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді.

Қоғамдық тыңдауды қорытындылау 10 минут

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25510147001, Дата: 28/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Мангистауская область, Мангистауский район, Актюбинский с.о., с.Ушпаган (РООС к плану горных работ по добыче известняка-ракушечника на месторождении «Карамандыбас-4» в Мангистауском районе Мангистауской области.)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: РООС к плану горных работ по добыче известняка-ракушечника на месторождении «Карамандыбас-4» в Мангистауском районе Мангистауской области.

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Мангистауский район, Актюбинский с.о., с.Ушпаган, дом культуры, 13/01/2026 15:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (31 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

газета "Жаңа Әмір", телеканал "Астана ТВ"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

доска объявлений дома культуры с. Ушпаган

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
ЕСБОЛАТ МУРСАЛОВ (БИН: 850427302321), +7(702)-115-81-99, esbolat_1985@mail.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25510147001, Дата: 01/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25510147001, от 28/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету РООС к плану горных работ по добыче известняка-ракушечника на месторождении «Карамандыбас-4» в Мангистауском районе Мангистауской области., в предлагаемую Вами 19/01/2026 15:00, Мангистауская область, Мангистауский район, Актюбинский с.о., с.Ушпаган, дом культуры(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ЕСБОЛАТ МУРСАЛОВ (БИН: 850427302321), +7(702)-115-81-99, esbolat_1985@mail.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).



ЖАҢА ӨМІР

БЕЙСЕНБІ
№49 (10681)
4 желтоқсан
2025 жыл

ГАЗЕТ 1941 ЖЫЛДЫҢ 27 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

● АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕЛІМІЗДЕ 2 334 АУЫЛ ӘКІМІ САЙЛАНҒАН. МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАС ӘКІМДЕР СОЛ ҚАТАРДА АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДАН КӨРІНІП ОТЫР.



ЖАҢА БУЫН – ЖАҢА БАҒЫТ

Қазіргі таңда ауданға қарасты ауылдардың басым бөлігін 30–40 жас аралығындағы жаңа буын әкімдер басқаруда. Олар сайлау арқылы мемлекеттік қызметке келген.

Жас басшылардың тағайындалуы жергілікті басқаруға тың идеялар мен заманауи тәсілдердің енгізілуіне жол ашып, ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымды жақсартуға және тұрғындармен тиімді байланыс орнатуға ықпал етуде.

Аудан бойынша әкімдердің орта жасы шамамен 30–35 жас. Солардың ішінде ең жас әкім – 27 жастағы Шебір ауылының басшысы Сағынжан Тұрақбаев. Сонымен қатар: Жармыш ауылын – 29 жастағы Заманбек Әнуаров, Тұщықұдық ауылын – 27 жастағы Наурызбек Мергенов, Ақшымырау ауылын – 29 жастағы Абзал Қарақойшыев та бар.

30–34 жас аралығындағы тәжірибелі жас әкімдер қатарында Қызанда Ғабит Балғабаев, Шайырда Ақтілек Амантаев, Жынғылдыда Әсет Маратұлы, Сайөстесте Сабыржан Әбдиев, Ондайда Қуаныш Жәнібекұлы бар. Ақтөбе ауылдық округін Махамбет Бекмурзинда бар.

Айта кетелік жуырда ғана Астанада ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Жыныда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін айқындап, елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелерді көтерді. Президент әкімдердің өкілеттіктерін нақтылау және жауапкершілігін күшейту жөнінде тапсырмалар берді.

● БӘРЕКЕЛДІ

БЕКІ АУЫЛЫ «АЛЬКОГОЛЬСІЗ АУЫЛ» АТАНДЫ

БЕКІ АУЫЛЫНДА АУДАН ӘКІМДІГІ, ПРОКУРАТУРА ЖӘНЕ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫ МЕН БІРЛЕСІП «ДЕНІ САУ ҰРПАҚ» АТТЫ ОТБАСЫЛЫҚ-СПОРТТЫҚ ШАРА ӨТТІ. ІС-ШАРА ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖӘНЕ «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Шараның мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту және спорт арқылы отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Қатысушы отбасылар түрлі спорттық сайыстарда бақ сынап, ұйымшылдық пен белсенділіктің үлгісін көрсетті, жеңімпаздар марапатталды.

Сонымен қатар, шара аясында аудан әкімдігі, прокуратура, полиция органдары мен кәсіпкерлер төртжақты меморандумға қол қойып, Бекі ауылын «алькогольсіз ауыл» деп жариялады. Бұған дейін Оңды және Тұщыбек ауылдары осындай мәртебеге ие болған еді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шара жас ұрпақтың денсаулығы мен тәрбиесіне баса назар аударып отырып, қоғамда отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

● БАСПАСӨЗ-2026

ҚОЛДАУЛАРЫҢЫЗ БІЗГЕ ҚАНАТ БІТІРЕДІ

ЕСКІ ГАЗЕТТЕРДІ ПАРАҚТАП ОТЫРЫП «ЖАҢА ӨМІР» ГАЗЕТІНІҢ 1995 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАЗАНЫНДА ШЫҚҚАН №44 САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН «ЖАҢА ӨМІРГЕ» ЖАЗЫЛУ ҚАЛАЙ БОЛЫП КЕЛЕДІ?» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА КӨЗІМ ТҮСТІ. МАҚАЛА БАСЫ «ЕЛІМІЗДЕ АЛДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ БАСПАСӨЗІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАППАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР. ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ТОЛЫҚ АЛҒАН ДА, ЖАРТЫЛАЙ АЛҒАН ДА, ТІПТІ АҚШАСЫН ТӨЛЕП, ЖҮЗІН КӨРМЕГЕН БАСЫЛЫМАРЫМЫЗ ДА БАР. ТОПТАП БІР АЛЫП, УАҚЫТЫ ӨТІП КЕТКЕН ӨЗГЕ «МҮҚТАЖҒА» ПАЙДАЛАНҒАНЫМЫЗ ДА БАР. БІРАҚ АЗ БА, КӨП ПЕ ӘЙТЕУІР ЖАЗЫЛАМЫЗ. ҒОЙ. ӨЙТКЕНІ БАСПАСӨЗ – РУХАНИ АЗЫҚ, ОНСЫЗ ҚАРЫН АУЫРМАҒАНЫМЕН, БАС «АУЫРАДЫ». ӨЗГЕЛЕР СИЯҚТЫ АУДАНДЫҚ ГАЗЕТКЕ ДЕ ЖАЗЫЛЫМ ЖҮРІП ЖАТЫР. ОҚЫРМАҢДАР «ЖАҢА ӨМІРДІ» УАҚЫТЫНДА АЛДЫ, АЛА БЕРЕТІН ДЕ БОЛАДЫ, ОҒАН ҚҰДАЙ ДЕП АЙТАЛЫҚ, СЕНІҢІЗДЕР ГАЗЕТ БАҒАСЫ СОЛ БҮРЫНҒЫ 104 ТЕҢГЕ. БҮЛ БАҒА ҚЫМБА ПА, АРЗАН БА ӨЗДЕРІҢІЗ ОЙЛАП КӨРІҢІЗДЕР, БІР КІЛӨЕТ, НЕ БІР ҚҰТЫ АРАҚ ҚОЙ. АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ ТЕЛЕДИДАРЫ, РАДИОСЫ, БҮРЫНҒЫДАЙ ЖҮЙЕЛІ ХАБАРЛАРЫ ЖОҚ ЕЛГЕ ЖАМАН-ЖАҚСЫЛЫ АУДАН ӨМІРІН КӨРСЕТІП ОТЫРҒАН БІРДЕН-БІР АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ, ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ. ТІПТІ ЕЛДІҢ АМАНДЫҚ – САУЛЫҒЫН ДА ЖҮРТШЫЛЫҚ «ЖАҢА ӨМІРДЕН» БІЛІП ОТЫРАДЫ ДЕСЕК АРТЫҚ ЕМЕС» ДЕП ЖАЗЫЛҒАН.

Осы сөздерді оқып отырып, қай уақытта да баспасөзге жазылу науқанын абыройлы аяқтау оңайға соқпағанын ұққандай болдым. Ол кезде 104 теңгені қымбат көрсетсе, қазір қоғамда «газетті кім оқиды?» деген пікір бар екенін жасырып қайтпейміз?

Бірақ, ақпарат кеңістігінде газет әлі күнге дейін жарық көріп келе жатса, демек, ол әлі де өмір сүреді деген сөз. «Газетке жазылу науқанын жүріп жатыр, үйден, мекемеден шықпай-ақ, қосымшалар арқылы жазылуға болады» деген хабарламамызға «Әрине, аудандағы жалғыз басылымға жазылмағанда, қайда жазыламыз, ұжым болып қолдаймыз» деп жылы сөзін арнаған әр ұжымға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Газеттің қадірі мен сөздің салмағын бағалайтын осындай оқырмандар барда газет өз өмірін жалғастыра береді.

Баспасөзге деген ынта – елдің рухани тынысының өлшемі. Газетке жазылу-басылымның таралымын арттыру ғана емес, бұл жергілікті баспасөзді сақтап қалуға қосқан үлес, азаматтық позиция, қоғамдық белсенділік ден біліңіз. Жазылу арқылы сіздер тек ақпарат алушы ғана емес, өңір басылымының дамуына үлес қосатын серіктес екеніңізді ұмытпаңыз. Сондықтан, аудандық «Жаңа өмір» газетіне жазылып, аудан баспасөзінің дамуына белсенділік танығыңыз дегіміз келеді.

Бетті дайындаған А.РАХМЕТОВА.

2026 ЖЫЛҒА «ЖАҢА ӨМІР» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

ЖАЗЫЛУ ӘДІСТЕРІ		«ҚАЗПОШТА» БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ
		«QAZPOST» ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ
		РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
		«НАЛҰК» ЖӘНЕ «KASPI.KZ» ҚОСЫМШАЛАРЫ АРҚЫЛЫ

12 АЙҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

	Заңды тұлға	Жеке тұлға
Редакция арқылы	11 040 тг	5 520 тг
QazPost арқылы	15 582,36 тг	7 689,84 тг

JANAOMIR_KZ

ЖАҢА ӨМІР ГАЗЕТІ

+7 (778) 145 - 90 - 93
Қосымша ақпарат үшін (Жарнама бөлімі)

«МАҢҒЫСТАУ МЕДИА» ЖШС
Ақтау қаласы, 9 ш/а, 42/1





● ЖИЫН

ЖУЫРДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ А.АҚҚҰЛОВТЫҢ ТӨРАФАЛЫҒЫМЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНДА АУДАНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ЖАҒДАЙЫ, АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС КӨЛЕМІ ТАЛҚЫЛАНДЫ. АУДАНЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ПОДПОЛКОВНИГІ Ғ.ШАПЫҚОВ:



ЖҮКТЕЛГЕН ТАПСЫРМАЛАР уақытылы орындалмайды

«Биыл төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия отырысы 10 айда төрт рет өткізіліп, 7 мәселе қаралды, 29 нақты тапсырма берілді. Алайда бірқатар ауылдық округтер мен бөлімдерге жүктелген тапсырмалар уақытылы орындалмай отыр. Бұл – су тасқынына дайындық, мотопомпаларды тексеру, жылу жүйелерін жаңарту, суарғаларды тазалау, өрт бекетін ашу сияқты маңызды міндеттер.

2024 жылы ауданның азаматтық қорғау құрылымдарын құру туралы шешім қабылданып, 49 құрылым, 237 жеке құрам және 71 техника берілді. Кезек күттірмейтін жағдайларға арналған жедел топ құрамында 88 қызметкер мен 27 техника бар. Аудан аумағында 55 эвакуациялық қабылдау пункті белгіленген. Олар зардап шеккен 22 мыңға жуық адамды қабылдай алады. Қажет болған жағдайда қосымша тұрғын үйлерді пайдалану жоспарланған. Жыл көлемінде 77 тыңдаушы арнайы курстан өтті, 385 оқу-жаттығу ұйымдастырылды. Сонымен бірге аудан деңгейінде су басу жағдайында адамдарды эвакуациялау және салдарын жою бойынша да кешенді жаттығу өткізілді. Заң талаптарына сәйкес аудан аумағында 26 дауыс зорайтқыш қондырғы орнатылды. Бұл – төтенше жағдайда халықты жедел хабардар етудің негізгі тетігі. Атқарылған іс пен кешегідей бар. Шетпе ауылы мен Жармышта жаңбыр суларын бағыттау, арналарды тереңдету және қудықтар салу жұмыстары орындалды. Ал, Шетпенің

бірнеше шағын ауданындағы су арналарын бетондау қаржы тапшылығына байланысты 2026 жылдың 1-тоқсанына шегерілді, – деп баяндады.

Ал, ауданның биологиялық қауіпсіздігінің жай-күйі туралы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Д.Ашықбаева «Эпидемиологиялық жағдай тұрақты, бірақ өсім бар аурулар белгіленді. ауданда оба, тырысқақ, сбір жарасы, қызамық, көкжөтел секілді қауіпті аурулар тіркелмеген. Бірақ салыстырмалы түрде дизентерия – 1, педикулез – 7, желшешек – 10, туберкулез – 6 жағдайға өскен.

Балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің екі дерегі анықталды. Жылдық жоспар бойынша екпемен қамту 95% болуы тиіс. Алайда 2025 жылдың 9 айында қамту деңгейі 83,9% ғана. Екпеден бас тартушылар саны 94 баладан 74-ке азайғанымен, түсіндіру жұмыстары жалғасуы қажет. Адам папилломасы вирусына қарсы 11–13 жастағы қыз балаларды егу басталып, жалпы жоспарланған 1499 баланың бірінші кезеңмен – 1032, екінші кезеңмен – 685 бала қамтылды. Ауданда орталық аурухана жанындағы қоймада екі тоназытқыш камера жұмыс істейді. Салқындату тізбегінің сақталуына тұрақты мониторинг жүргізілуде.

Сбір жарасының 3 қолайсыз аймағы (Қызыл, Мәстек, Торап) анықсыз координаттармен тіркелген. 158 662 мал ек-

пемен қамтылған. Бруцеллез бойынша қолайсыз шаруашылық жоқ. 2025 жылдың 9 айында 331 ит ауланып, қараусыз иттер мәселесі өзекті болып тұр. Жануар тістеу фактілері өткен жылмен салыстырғанда артқан, яғни 45 жағдай тіркелді. Баяндама соңында аталған жай-күйлерді ескере отырып, келесідей ұсыныстар жолдаймын. Жойылған мал өлекселерін өртеуге арналған арнайы орындарды талапқа сай қамтамасыз ету, құтырмаға қарсы жұмысты күшейтіп, жабайы жануарлар мен қараусыз ит-мысықтарды тұрақты аулау, туберкулезді ерте анықтау және балалар арасында алдын алу шараларын күшейту, туберкулезбен ауыратын науқастарға көрсетілетін әлеуметтік көмекті арттыру, ай сайын төлеу мүмкіндігін қарастыру, малдарды уақытылы егу және нақты санақ жүргізу, екпеден бас тартушылармен санитарлық-ағарту жұмыстарын жалғастыру, медициналық ұйымдарда антирабиялық екпе мен иммуноглобулин қорының сақталуына бақылау орнатылу керек», – деді.

Жиын соңында аудан әкімінің орынбасары А.Аққұлов аталған ұсыныстардың қаперге алынғанын айтып, мекемелерге жылдық жоспар бойынша атқарылуы тиіс іс-шараларды жүзеге асыру, тұрғындарды ақпараттандыру және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша нақты тапсырмалар берді.

М.ЖЕБЕКЫЗЫ.

● НАРЫҚ

БАҒАДА БАҚЫЛАУ БАР МА?

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ – ЕЛ АРАСЫНДА ЕҢ КӨП ТАЛҚЫЛАНАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. РАСЫНДА ДА, КӨТЕРІЛГЕН БАҒАНЫҢ ҚАЙТА ТӨМЕНДЕУІ СІРЕК БОЛҒАНДЫҚТАН, ХАЛЫҚ КҮНДЕЛІКТІ ТҮТЫНАТЫН НЕГІЗГІ ТАУАРЛАРДЫҢ ҚҰНЫН ҮНЕМІ БАҚЫЛАП ОТЫРАДЫ. ТҮРҒЫНДАРДЫҢ БАСТЫ ТІЛЕГІ – ҮН, НАН, ҚАНТ, МАЙ, КӨКӨНІС СЕКІЛДІ ӨНІМДЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ ТҮРАҚТЫ ДЕНГЕЙДЕ САҚТАЛУЫ.

Ауданға қарасты ауылдардағы сауда орындарындағы азық-түлік бағалары туралы мәліметті білу үшін аудандық кәсіпкерлік бөлімінің маманы Наурызгүл Теңізбайқызымен тілдескен болатынбыз. Маманның айтуынша, «Бүгінде аудан бойынша барлығы 81 сауда орны жұмыс істейді, оның 69 азық-түлік дүкендері, 12 шағын маркеттер. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг әр аптаның сейсенбі және жұма күндері жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Соңғы мониторинг нәтижесі бойынша аудан дүкендеріндегі негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары төмендегідей деңгейде қалыптасқан:

– бірінші сорт ұны – 254, бидай наны – 128, рожки – 357, қарақұмық – 294, күріш – 370, картоп – 246, сәбіз – 255, пияз – 159, қырыққабат – 229, қант – 471, күнбағыс майы – 918, сиыр еті (1 келі) – 3600, тауық еті – 1590, сүт – 543, айран – 650, жұмыртқа (10 дана) – 638, түз – 125, сүзбе – 1050 теңгені құрайды.

Қазан айымен салыстырғанда бірнеше тауардың бағасы арзандаған. Атап айтқанда, үн, қарақұмық, күріш, пияз, күнбағыс майы, тауық еті, жұмыртқа, сүт, түз және сүзбе бағалары төмендеген. Ал, нан, рожки, картоп және сәбіз бағаларында аздаған өсім байқалды. Қырыққабаттың бағасы өзгеріссіз қалды. Бұл ауытқулар маусымдық өзгерістер мен нарықтағы жеткізілім көлеміне байланысты. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың қолжетімді бағасын қамтамасыз ету мақсатында ауданға «Каспий» ӘКҚ тұрақтандыру қоры арқылы өнім жеткізу жалғасуда. Жыл басынан бері екі дүкен – ЖК «Айша» және ЖК «Табашев» – аталмыш қордан тауар алып келеді.

Өнімдер тұрғындарға нарықтағыдан төмен бағамен ұсынылады. Мәселен, тұрақтандыру қоры арқылы сатылатын күріш – 368 теңге, қарақұмық – 264 теңге, күнбағыс майы – 977 теңге, рожки – 299 теңге, түз – 99 теңге, қант – 460 теңгеден сатылады. Ал жұмыртқа, картоп және сәбіз 15 пайыз жеңілдікпен беріледі, – дейді.

Жалпы алғанда, аудан халқы күнделікті тұтынатын негізгі азық-түлік тауарларының бағасы кәсіпкерлік бөлімінің тұрақты бақылауында. Тұрақтандыру қоры арқылы жеткізілетін өнімдер бағаның күрт өсуіне жол бермей, нарықтағы тұрақтылықты сақтауға ықпал етуде. Алдағы уақытта да бағаны негізгі өсірмеуге шаралар жүйелі түрде жалғасын табатын болады.

М.ЕРҒАЛИ.

● АДАМ. ҚОҒАМ. ЗАҢ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ СЕНІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕ ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ОЛ ҚОҒАМНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МҮДДЕЛЕРДІ ЕҢ ҮЗДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ТӘСІЛМЕН ҚАНАФАТТАНДЫРУДЫ БІЛДІРЕДІ.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзінде асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Бұл арада, мемлекеттік қызметтің миссиясын, мемлекеттік қызметшілердің ерекше құқықтық мәртебесін, олардың алдына қойылған міндеттердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, мемлекет азаматтар үшін, кандидаттарға қойылатын талаптарды және тиісті шектеулерді қоса алғанда, мемлекеттік қызметке кіру және оны өткеру қағидаларын айқындауға құқылы.

Аталған мәселелер мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық сенімін және берілген өкілеттіктердің теріс пайдаланылуына жол бермеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін.

Осыған орай, 2025 жылдың 10 қаңтарында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңның 16-бабына Конституцияға сәйкес келмейтін деп танылған бірқатар заңнама нормаларына өзгертулер енгізді.

Аталған өзгертулерге сәйкес, азаматтардың мемлекеттік қызметке кіру кезінде келесі мерзімдерге шектеулер көзделетін болады:

1 жыл – Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген шектеулерді немесе қызметтік әдеп нормаларын сақтамағаны үшін жұмыстан шығарылған тұлғалар үшін;

2 жыл – мемлекеттік қызметке кіріп келтірген тәртіптік теріс қылық үшін жұмыстан шығарылған тұлғаларға (бұрын заңнамада өмір бойынша шектеу көзделген);

3 жыл – мемлекеттік қызметке кіріп алдындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған немесе қылмыстық теріс қылық жасаған тұлғаларға;

5 жыл – онша ауыр емес қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптуа үкімі шығарылған немесе өзіне қатысты қылмыстық

жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған тұлғаларға (аталған мәселе бойынша бұрын 3 жыл мерзім көрсетілген);

8 жыл – ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптуа үкімі шығарылған немесе өзіне қатысты қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған тұлғаларға мемлекеттік қызметке кіруге шектеулер көзделген (аталған мәселе бойынша бұрын 3 жыл мерзім көзделген).

Басшылық мемлекеттік лауазымға орналасу үшін жоғарыда көрсетілген шектеулердің мерзімі үш жылға ұлғайтылады.

Бұл ретте жеке адамға, отбасына және кәсіпкерлікке толмағандарға, конституциялық құрылым негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне, меншікке, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, экономикалық қызмет саласында және тағы да басқа ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар немесе болған немесе қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған азаматтар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық, ауыр және аса ауыр, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында қылмыс жасаған тұлғалар үшін мемлекеттік қызметке кірмеу бойынша өмір бойына шектеулер көзделген.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің басқа мемлекеттік лауазымға орналасуы кезінде, оның бұрынғы жұмысында жасаған тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жауапкершілігін қарау мүмкіндігі енгізілді.

Көрсетілген өзгертулер мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы жетілдіруге және халықтың мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Т.ЖУМАҒҰЛОВ,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Мурсалов Е.К.» ЖК Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданындағы «Қарамандыбас-4» кен орнында әктас-кабықша өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Кен орнының географиялық координаттары: 4333'27,60" С.Е. 5233'45,40" Ш. Б.

Қоғамдық тыңдау: 2026 жылғы 13 қаңтарда, сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Ақтөбе а. о., Уштаған а., Өтепбергенов к-сі, 4/3, мәдениет үйі мекен-жайы бойынша жергілікті уақытта өтеді.

Масштаптаудағы онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/85749503537?pwd=wDs6A0VpacCd4ng7VjEefaMwJA72Kq.1>

Конференция идентификаторы: 857 4950 3537.

Кіру коды: Ui3p1W

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады.

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/5768#>

сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Мурсалов Е.К.» ЖК ЖСН 850427302321. Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы.

Ықтимал әсерлер туралы есепті құрастырушы: «ДАЯН-ЭКО» ЖК.

Байланыс телефоны: +77021158199.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ИП «Мурсалов Е.К.» проводит общественные слушания к РООС к плану горных работ по добыче известняка-ракушечника на месторождении «Қарамандыбас-4» в Мангистауском районе Мангистауской области.

Географические координаты месторождения: 43°33'27,60" С.Ш. 52°33'45,40" В. Д.

Дата проведения 13 января 2026 г. в 15.00 по местному времени по адресу Мангистауская область, Актюбинский с.о., с. Уштаған, ул. Утепбергенова, 4/3, дом культуры.

Ссылка на онлайн-конференцию в зум: <https://us05web.zoom.us/j/85749503537?pwd=wDs6A0VpacCd4ng7VjEefaMwJA72Kq.1>

Идентификатор конференции: 857 4950 3537. **Код доступа:** Ui3p1W
Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/5768#>

Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Мурсалов Е.К.» ИИН 850427302321 МАНГИСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ, Каракиянский район.

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП «ДАЯН-ЭКО»

Контактный телефон: +77021158199.

● БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ӨҢІРЖИЕК ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

ӨҢІРЖИЕК - ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМНЫҢ ЕҢ КӨЛЕМДІСІ ДЕ, КҮРДЕЛІСІ. ОЛ ҚАЛЫҢДЫҚҚА АРНАП СОҒЫЛАТЫН, МЕРЕКЕ-ТОЙЛАРДА ТАҒАТЫН НЕГІЗГІ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІРІ. ӨЗАРА БІР-БІРІНЕ ҮЗБЕЛЕП БЕКІТІЛГЕН БІРНеше үлкенді-кішілі өрнекті тақталардан тұратын салмақты да, салтанатты өңіржиектер өзінің сәнділігімен, үйлесімділігімен ерекшеленеді. Өңіржиек 3,5,7 тақтадан тұрады. Өңіржиекте қыз баланың үш кезеңі бар. Ол бала күні, бойжеткен шағы және ана болған кезі. Өңіржиектің төменгі жағында бала саны және баланың жынысы көрсетіледі. Мысалы ромбиктер-қыз бала, ал дөңгелектер- ұлдар.

Ежелгі уақытта әйелдер көйлегінің кеудесіндегі кестелерді жабу үшін мойнына көлемді әшекейлер киген. Көбіне мұндай әшекей өңіржиек болатын. Ол тұмар рөлін атқарды. Алтын мен тастардан жасалған кулондар әр уақыттың дәстүрлі ерекшеліктерін сақтап қалды. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды, өйткені өңіржиек жасау өте қымбат болды. Өңіржиекті оған қосымша бөлімдер қосу арқылы ұзартуға болады. Өңіржиек – тікбұрышты пішінді алқа, омырауша – доға түрінде, тұмарша – үшбұрыш түрінде жасалады. Өңіржиек өңдірісінде шеберлер әртүрлі техниканы қолданды. Мысалы: қуя, соғу, штамптау және қарайту.

Бұйымның әрбір құрылымдық элементі, оның ішінде ромб пен қоныраулар түріндегі алқалар сұқпырлы мағынаға ие. Бұйымның өзі бала емізетін әйелдің міндетті атрибуты болып саналады. Өңіржиек сөзі екі сөзден тұрады: өңір (маңай, өңір, қыр) және жиек (шегі). Осылайша ол әшекейдің нышандық мәнін – емізетін ананың кеудесін қорғаудың ерекше мәртебесін көрсетеді. Бала туатын жастағы әйелдер денесінің өмірлік маңызды аймақтарын «қорғаған» осындай көп деңгейлі кеудеге арналған зергерлік бұйымдардың ұқсас түрі моңғолдарда, түркімендерде және басқа халықтарда бар.

Өңіржиек бірқатар немесе екі қатар болып төменге қарай салынып тұратын, әрқайсысы бір-бірімен күміс шынжыр арқылы байланысатын бірнеше күміс тақтадан тұрады. Аталған әшекейлер Ә.Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің қор бөлімінде көптеп сақталған. Солардың ішіндегі ең ұзыны да салмақтысы КП-3758/1 нөмірлі өңіржиек. Оның жалпы ұзындығы – 60см. Салмағы – 873гр. Маңғыстау өңірінде жасалған. Маңғыстаудың зергерлік өнері көшпелі мәдениеттің терең көрінісі болып табылады. Бұйым бес ірі төртбұрышты тақтадан тұрады, соңғы тақтасы бес бұрыш. 1-пластина өлшемі-9,5x10см, 2-пластинаның өлшемі-4,7x10,5см, 3-пластинаның өлшемі-10,5x10,4, 4-пластинаның өлшемі-4,7, 5-пластинаның өлшемі-15x10,7 см. Әр тақтаның симметриялы орналастырылған ойық өрнектер мен бедерлі жолақтар бар. Бұл элементтер көзден, тілден сақтау мағынасын білдіруі мүмкін. Бұйымдағы өрнектер қазақтың дәстүрлі геометриялық элементтері: қошқар мүйіз, үшбұрыштар, ромбтар, сызықтар кең қолданылған. Күміс шынжырларға жалғанған 17 жыландас салпыншағы бар. Ол қозғалғанда дыбыс шығарып, жың-шайтанды қуады деген наныммен жасалған. Әр тақтасында екі ескіден қасы бар. Өрнек іші қызыл түсті фон көрінеді, беті әйнектелген бұл да қорғаушы түс ретінде қолданылған. Өңіржиектің ең үлкен тақтасының бетіне сіркелеу әдісімен бота мойын оюын салған. Қалған тақталарында сіркелеу әдісімен үш бұрыш, ромб, ирек оюлар салынған.

Екінші өңіржиек те өте көлемді, ұзындығы – 54,5см, салмағы – 764 см. Бес тақтадан тұрады, соңғы тақтасы бес бұрыш болып кел-

ген. Беті алтынмен шайылған. Әр тақта іші қуыс пластинадан жасалған. Оның ішіне бор толтырылған. Әр пластинада сопақша болып келген шөлмек қастары бар, олардың беттеріне және жан-жағына сіркелеу әдісімен үшбұрыш, ирек өрнектер салған. Бұл өңіржиектің ерекшелігі бұйымның екі жақ қапталында ұзына бойлай шынжырға бекітілген сопақша алты қастары бар. Тамшы және жыландас формасында бес салпыншақтары бар.

Үшінші өңіржиек заманауи үлгіде жасалған. Ұзындығы – 33см, салмағы – 209гр. Үш тақтайшадан тұрады, соңғы тақтайшасы бес бұрышты. Әр тақтайшасында екі-ескіден қастары бар. 1-ші, 2-ші тақтасында екеуден, ал үшінші тақтасында жеті салпыншақтары бар.

Тақталар күміспен қақталып, іші қуыс етіп жасалады. Қуысына ақ балшық толтырылады. Тақтаның қалыңдығы 0,5 см-ден астам, 1 см-ге жуықтайды. Өңіржиек тақтасын «алақан» деп те атайды. Тігінен алғанда бір қатардан тұратын кейбір өңіржиектің ең төменгі алақаны кішірек екі күміс тақтасын топсамен біріктіру арқылы да жасаған. Өңіржиектің мұндай түрін «қос топсалы өңіржиек» деп атаған. Әрбір тақтаның бетіне асыл тастан көз қондырылып, өрнек түсіріліп, кейбіреулері алтынмен жалатылып, ең төменгі тақтасына күміс салпыншақтар тізіледі. Күміс шынжырлы салпыншақтың ұшында сыңғырлаған дыбыс шығаратын қозасы болады. Қоза дегеніміз – ішінде қиыршық тасы бар шар тәрізді әшекей. Осыған байланысты әшекейдің бұл түрі «қозалы өңіржиек» деп аталады. Өңіржиек тақтасының бетіне ирек, құсқанат, жүрекше секілді ою-өрнек түсіріледі. Жиектеріне алтын, күміс сіркелер қондырылған. Өңіржиекті тағудың өзіндік әдебі бар. Қазақ қыздары оны жасына қарай әртүрлі етіп таққан. Отбасында қыз бала дүниеге келіп, өсіп келе жатқан кезде өзге де әшекейлермен бірге «тіл, көз тимесін» деген ниетпен үшбұрышты тұмар таққан. Оны зергер күмістен бұрыштап немесе жумыр түтікше тәрізді етіп жасайды, оның іші қуыс болады, онда бәле-жаладан қорғайтын дұға салынған. Өңіржиектің қыз баланың бойжетіп келе жатқан кезінде арналған түрі «өңіргал» деп аталған. Ол аралары алшақтау орналасқан екі тақтадан тұрады, тақталары күміс шынжырлармен байланысқан. Өңіргал көбінесе қызыл түсті шыныдан не аяқ тастан көз салынып, шынжырмен мойынға тағылады. Ал, қыз ұзатылып, тұрмыс құрып, ана атанғаннан кейін үлкендеу, қалыңдау үш тақтадан тұратын өңіржиектер таққан. Өңіржиектің тақтасы көп болған сайын «көпбалалы», «алтын құрсақты ана болсын» деген мағынада жасалған.

Бірінші, екінші, үшінші, төртінші тақталары төртбұрышты болып келіп, соңғы тақтасы төменге қарай бес бұрышталып

келуінде үлкен мән бар. Яғни, ананың болашақта көп ұрпақ дүниеге әкеліп, «көбею» мағынасын меңзеп тұрғандай. Бұл әшекейді әйел адам 45-50 жасқа дейін, яғни баланы дүниеге әкелуге қабілетті жасына дейін ғана таққан. Әйел адам үлкейіп, немерелері болып, әже атанған шағында өңіржиектің төменгі жақтарын ажыратып тастап, бір төртбұрыштысын ғана алқа ретінде тағып жүрген. Өңіржиектің әрбір бөлшегі терең мағынаны білдірген. Мәселен, оның жан- жағындағы көп салпыншақтар ұрпақтың өсіп-өркендеуі, оның жалғастырушы әйел адамның рөлі, өсімдік тектес өрнектің барлығы қанат жаю, өмірдің жалғастығын, жаймашуақ күндерді, көбеюді білдіреді. Ал, өңіржиекті бетіндегі екі ұзын сопақша, ортасында әдемі өрнектердің салынуы жер әлемнің барлығы да әуелде бірінші болып, ер адамнан жаратылғандығын аңғартады. Ер адам болмаса, жер бетіне ешқандай ұрпақ болмас еді. Өмірдің бастамасы ер адамда, соның белінде жатыр дегенді меңзейді. Сондай-ақ, өңіржиек әсіресе жүкті келіншектер үнемі тастамай тағып жүрген. Себебі, адамның назары жүкті әйелдің құрсағына емес, оның әшекейіне түссе тіл-көзден, бәле-жаладан, сұқ көзден сақтайды деген сенім болған.

Көгер көзге сүйкімді, қазақ қыздарының көркіне көрік қосатын бұл әшекейдің тереңіне үңіліп, терең мән барын ұқтық. Қазақы нақыштағы осындай әшекейлерді өкінішке қарай тек той-жындар мен наурыз мерекесінде тағамыз. Десе де оны күнделікті бойтұмарымызға айналдырған жөн-ау.

Гүлжан ТАҒАНҚЫЗЫ,
Ә.Кекілбаев атындағы облыстық
тарихи-өлкетану музейі.

● ӨНЕР

БАЛАЛАР ТЕАТРЫ БӨБЕКЖАЙДА

ЖАРМЫШ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН «ЖАС ТЕРЕК» БАЛАЛАР ТЕАТРЫ БҮЛДІРШІНДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ ӘРІ ҚЫЗЫҚТЫ ЕРТЕГІЛІК ҚОЙЫЛЫМЫН ҰСЫНЫП, КІШКЕНТАЙ КӨРЕРМЕНДЕРДІ ҚИЯЛ МЕН ҒАЖАЙЫПҚА ТОЛЫ ӘЛЕМГЕ ЖЕТЕЛЕДІ. ТЕАТР ӘРТІСТЕРІ САХНАЛАҒАН «ЖӘКЕН ЕТІКШІ» ЖӘНЕ «ТАТУЛЫҚ ТАП-ТЫРМАС КҮШ» ҚОЙЫЛЫМЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ЛАЙЫҚТАЛЫП, ЖЕҢІЛ ҚАБЫЛДАНАТЫН МАЗМҮНМЕН ӨРШІП, БАЛАЛАРДЫ ТАТУЛЫҚ, АУЫЗБІРШІЛІК СЕКІЛДІ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРГЕ БАУЛЫДЫ. ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСЫ ШИРАҚ, КОСТЮМДЕРІ КӨРКЕМ, КЕЙІПКЕРЛЕРІ ЕСТЕ ҚАЛАРЛЫҚ ЕРТЕГІ БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНДІ.

«Етікші Жәкен» ертегісіндегі Жәкен рөлін Дарын Басшы, қызды Рауза Қуанышкерейқызы, қасқырды Райана Жалғасқызы, көрші және қала адамын Парасат Сақидулла мен Рауан Әбдібеков сомдаса, аю рөлінде Өркен Әлімбаев, қоян болып Фатима Нұрланқызы және түлкі кейпіні енген Айша

